

ISSN 0234-6818

# ARTS AND CRAFTS

FOR THE CHILDREN OF THE FUTURE



## Сахнада даналық қана сөйлейді

### *1. Өтеуіл қарттың өнегесі*

Жер жаннаты Жетісудың тау бөктерінде, өзен жағасында Шошанай ауылы орналасқан. Ұйғыр ауданы атанғанымен, қазақ ауылы. Жаз туса балалар тауға кетеді. Нұркеннің атасы мен апасы Қызылтекше деген жерге барады. Атасы Өтеуіл колхозда арпа егеді, күзетші. Тау, сай-саладан сарқырай аққан бұлақтар құяр арнасы өзен. Тіктеріскей, Қарашағыл, Есексай, Кертас, Төтесай, Базарсайды көктей өтіп, Қызылтекшеге шығады. Жіңішке деген жер бар. Таудың үстінде көл бар, алтын кеседей әдемі. Көлден асып түссе, «Сырт» дейді. Сол тұстан жолаушы қырғызға кетеді. Тау үсті жазық, арпа егеді. Жазда Нұркен үш ай бойы ата-апасы Өтеуіл мен Ұлдаханның қасында болады. Атасы Өтеуілдің шешесін көзі көрді, есімі Зәуре, бес жасында қайтты. Үлкен әжесі өзін қолынан жетектеп жүргені есінде. Қазақ халқы көп жасаған кәрісі дүниеден өтсе, той дейтін салтымен Орынкүл мұғалім бес жасар ұлға: «Кәмпит жесең, эне, апан береді!» – депті. Үлкен шешесін жерлемес бұрын шымылдық ішіне жатқызып қойса, өліп қалған кісіге барып, бұл бала кәмпит сұрапты.

Өтеуіл атасы 8-9 жасында қолына мылтық беріп, сайға жіберді. Көрші бала Нұркеннен 3-4 жас үлкен, тауға барып, қоян атайық деп ертіп әкеткен. Қас қарайып, кеш қалай батып кеткенін аңшылық қызығымен екі бала білмей қалды. Дөңге шығып Ұлдахан апасы: «Нұркен!» деп беймаза дауыспен айқайлап тұрғаны құлағына шалынды, сарыны бір таяқтың ұшын сездірді. Сол күні үйіне жылап келді. Ит үрді, әкесі Әшімхан аулаға шықты. Бала есекті жетектеп, ақырына әкеле жатыр, ер тоқымын алды. Әкесі шыбықпен тартып жіберді, апасы: «Ұрма!» деп үстіне құлады. Әкенің жалғыз мәрте ұрғаны бала жадында бекіп қалды. Енді ойласа, анасы Жәмила балаларын мықты тәрбиелеген екен, бірдеңе бүлдірсе, «әкең білмесін» деп отыратын. «Әкең білсе не болар еді?». Әкені сонша биік етіп көрсету, асқар тау қып таныту қазақы тәрбие ұстанымы.

Өтеуіл қарт немересіне балалық шағын көп айтатын. Үйде Абайдың кітабы бар, ескі, Алматыдан түптетіп әкелді. Абай өлеңдерін атасы жатқа айтады. Нұркен асыр сап ойнағысы кеп тыпыршып, өлең біткенше шыдамай, жіпсіз байланып, торға түскен құстай зарығып, іштей наразы, эзер отырғаны. Атасы мұны далаға оңайлықпен жібермейді. «Мына бетті аш, кәне, дауыстап оқы!» – дейді үлкен кісі бұйрық раймен. Ол кезде кейін үлкен сахнаға Абай бейнесін алып шығарын қайдан білсін. Қазір Нұркен ата салтын ұстанып, екі ұлына Абайдың қара сөздерін оқытып, өлеңін жаттатса, солар арқылы құнарлы қайнарды қанып іше беруге, тың түсінік алуға өзі икем.

Таудағы қарағаш, сарыағаш, долана, арша, алма ағашы ат жүретін, адам жүретін тұста өсіп тұрса, көзіне кіріп, біреу арандап қалмас үшін тік бұтағын атасы тазалатады. Тау өзенінде тасты жолдан алдыртады.

Өтеуіл ата 1919 жылы туған. Балалық шағында үстінде киімі жоқтың қасы екен. Жазда жаланаяқ тазы жүгіртеді. Атасы жасынан аңшы, сынықшы, ертоқым, бұйымдар жасайды. Бір күні әкесі інісі Өтеуілхан екеуін оятып, үйге арбамен солдаттар келгенін айтады. Олардың тіске басар қорегі бар. Әкесі қапты тесіп, бір уыс арпа түсіріп алып, біраз қорек қылған. Атасы бала күннен қоян аулаған. Өтеуілхан соғыста жоқ болды. Соңғы хатын Дон өзені жағасынан өлеңдетіп жазыпты. Атасы Польшаға табаны тигенде Галя есімді медсестра емдепті. Өтеуіл атасы қосағына әзілдеп: «Сені емес, Галяны алғанда ғой», – десе, апасы теріс қарайды, наразы. Атасы ұрысса, апасы тырс деп үндемейді. Қора жаққа барса, апасы атасымен сыртынан ұрсысып жүретін. Есейгенде ойласа, қандай сыйластық! Бір-біріне қатты сөз айтпайтын. Апасы енесімен өте тату болды. Немерелеріне боқтық сөз айтқызбайды, тыйып тастайды. Нұркен ағасы Бағланды өзін боқтағаны үшін үлкендерге ұстап беріп, сазайын тартқызғаны бар. Атасынан тал қалған, аулада өте жуан үйеңкі ағаштары өсіп тұрады. Алма ағаштар түйін салса, хош ырзық молаяды. Атасы «Мен өлгенде кесесіндер», – деп үйеңкінің ескі түптерін кескізбейді. Баба ізі қалған аулаға жас көшет, ағаш егу дәстүрі бұл әулетте атадан балаға мирас болып келеді.

## *2. Амангелді Сембиннің тәрбиесі*

Нұркен әкесінің баян, гармонь тартқанын, домбырада шебер ойнағанын көзі көрді. Өткен ғасырдың 60-жылдары жастар көшеде баян тартып жүретін дәстүр болған. Өнерге құштарлық отбасынан өрбиді. Қазақ баласы мамандық таңдауда әуелде ата-ана ырқына бағынады. Ауылға үздік бітірген мектеп бітірушіге арналған қос қағаз келді. Нұркен біреуін иемденгенде әке-шешесі: «Балам, өнер жолы қиын, оны қайтесің, дұрысы ел қатарлы мал дәрігерлік оқуға түс!» – деп қиыла айтты. Ол Алматы малдәрігерлік институтына тапсырып, түсе алмай қалғанда Бекжан ағасы да, өзі де қатты қуанды. Бекжан інісін Мұхтар Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрына реквизит жұмысқа кіргізді. Реквизит – театр бутафорлары, киім тігетін цехы, мүліктері, заттары. Қара жұмыста жүріп, жас жігіт бір жылда актерлік жолға әбден дайындалды. Сахна сыртын, шымылдыңтың арғы жағын, үлкен спектакльдерді көрді. Арман қанаты ұлғая түскен. Сөйтіп жүріп, Нұркеннің мұрнында Мұхтар Әуезов театрының иісі қалған. Бала арманның басы сияқты, «шіркін-ай!» деп қиялдауға көшкен. Мұхтар Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының белді актері Бекжан Тұрыс Нұркенмен аталас туыс. Мамандық таңдауына Бекжан ағасының себі тиді. Көркемөнерпаздар үйірмесінде Нұркен оркестрде отырды. 1988 жылы алғашқы Наурыз мейрамы тойланғанда ала есекпен Тазша бала болып ойнады. «Игай-ай, игай, игай-ай!» – деп ескі әуенге салмай ма, бұл қайдан шыққан деп ел таңғалды. Бекжан Тұрыс Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясында оқып жүрген кезі, інісін сыртынан көрді. «Сен енді актерлікке дайындал!» – деп Бекжан Нұркенді жыр жаттауға, сахна талабын білуге көктемде баули бастады.

Нұркеннің әкесі Әшімхан әйгілі ұста Дәркембай Шоқпарұлымен дос болатын. Дәркембай Шоқпарұлы музейінде Өтеуілдің балдағы тұр, бүркітті қондырған кезде қоятын асатаяқ. Ұстаның үйінен Нұркен бала кезінде Нұрғиса Тілендиев, Серік Қонақбаев сияқты әйгілі адамдарды көретін. Алты жасында домбыра тартқанын көріп, Дәркембай ұста әкесіне «мына балаңды музыкалық мектепке бер» деп ақыл қосқан. Нұркенді бірінші класқа қабылдайды. Интернатта жатып оқуы керек. Екі көзі жаутаңдап, кішкентай балалар алдынан жүгіріп шыққанда, Әшімхан баласын әкеп тұрып, обалсынып, кері алып қайтты.

Нұркеннің ойынша, мықты актер болу үшін алдымен рухы мықты адам болу керек. Рухани қуат ішкі күштің жасампаз көрінісі. Орта буында қазіргі ресейлік кино және театр актерлері К.Хабенский мен С.Безруковтың жеткен биіктері интеллектуалды аса білімді қалыбынан бастау алады. Қазақ актерлеріне осы қасиет жетіспейді, ертегідегі Әли баба мен қырық қарақшы торитын сиқырлы қазынадан еш кем түспес интеллектуалдық қордың алтын кілтін, таусылмас кенішін ұлы мәртебелі кітап тудырған һаріптің асқан құдіретімен игеру жағы кемшін. Қазақтың ұлы актері Нұрмұхан Жантөрин Құдай бұйыртқан әр рөлін зерттеу арқылы оқымаған кітабы жоқ, энциклопедиялық білімі болған деседі. Актерлік тума талант аздық етері анық, кино мен театрда Нұрмұхан Жантөриннің әр рөлі дараланып тұруы соның арқасы. Әлемдік руханият қайнарын танып білген жазушы-драматург Асқар Сүлейменовтің ұлттық құнар байи түсуге, елдік ірілікке тілекші сөзі айқын: «Жазушыдан гөрі сыншының сауатсыз болуы қатерлі». Шығармашылықта көп дүние пендешілікке бұра тартып кететіні терең білім жоқтығынан. Қазақ биік мақсатты көздеп, ұлтты, руханиятты ойласа, ұсақталудың кесірі болмас еді. Рухани дағдарыс өнердің барша саласын шарпып тұрғаны ащы шындық. Отан отбасынан басталады. Сырт көзді ғана ойлау, ішкі дүниені ойламау, жабуды жаба тоқу, дертті жасыру түбірімен қате. Рух құлдырап тұр. Ғабен, Ғабит Мүсіреповтің «Әдебиеті мен өнері ұлы болмай, ұлт ұлы болмайды», – деп шегелей айтуы сондықтан. Абай өсиетінде бақ-береке қағидасы жасырулы: «Бірінді, қазақ, бірін дос, Көрмесен, істің бәрі – бос».

Т.Жүргенов атындағы Өнер институтында Кәукен Кенжетәев, Амангелді Сембин, Мұрат Әбзелбаев, Есім Сегізбаев, Әшірбек Сығай сабақ берді. Вокалдан беретін Амангелді Сембин шәкіртін баласындай көретін. Мұндай ұстазды бірінші рет көрді. Амангелді аға Нұркеннің бетінен сүйіп, маңдайынан иіскейтін. Топтағы студенттің әрқайсысына бауырмалдықпен қарады. Ол кезде Нұркен темекі шегетін. Бір күні дайындықта дауысы керемет шықты. Бойында таза таланттың табиғаты бар, аса сирек дауысымен шетелді мойындатқан қас әнші Амангелді Сембин шәкіртінен: «Темекіні қойдың ба?» – деп сұрады. «Иә». Бауырына қысып, жылап жібере жаздады. Ұзамай Нұркен рахаттана темекі тартып тұрып, тыға қойғанда түтінді көріп қалады. Амангелді аға оның бетіне қарап: «Нұркен, ит екенсің!» – деді. Студент сабақтан безіп кетті, қарауға бет жоқ. Екі жұмадан соң Сайлау арқылы шақыртып алды. «Дауысыңды аясаңшы, өзіңді аясаңшы»,

– деді.

Студенттерге өте мейірбан адам еді. Аты дардай, Құдай берген дарыны күшті адамды жан-жақтан қысып жібергенде сынып кетеді екен. Амангелді Сембин аудиторияда сырын білдіре бермейтін, бірақ көзі мұнды, қарасудай шүпілдеп тұратын кезін андаған. Халық жазушысы Шерхан Мұртаза бір пікірінде ла Скалада ән салған жалғыз қазақ Амангелді Сембинді бағаламай, қас дарынды көре алмай, іштарлық қылған, өмірден ерте озуына әсер еткен имансыз бақталастықты жирене айыптап еді. Амангелді Сембин Мәскеуде консерваторияда оқыған. Операдан әртүрлі партия орындағанда, ең жоғары нотаны алғанда тындаған жұрттың есі кетеді екен. Өте сұлу адам, шашы аппақ. Ішкі мәдениеті кіршіксіз жоғары. Қай бала болсын алаламайды. Жұмсақ, айтар сөзі «айналайын». Бір ренжігенін көрмейсің. Тұрмыстық әңгімеге жоқ, түк демалмайды, көйлегін шешіп, кара терге шомып отырғаны, студенттің дауысын жаттықтырудан, дауыс қоюдан еш шаршау жоқ. Концертмейстрі фортепианода отырады.

### ***3. Кәукен Кенжетаевтың қамқорлығы***

Нұркеннің курсы жұлдызды курс атанды, көбі театрға барды. 1994 жылы оқуға түсіп, 1998 жылы бітірген топ: Сайлау Кәмиев, Қуандық Қыстықбаев, Қанат Жүнісов, Бағлан Иманғазиев, Айнұр Бермұхамбетова, Айзада Сатыбалдиева. Өтпелі кезеңнің қиын шағында өнерге тек құлай сүйген жандар ұмтылды. Нұркен жарты жыл бармаған соң шетел театры пәнінен оқытушы емтиханға кіргізбей қойған. Құдай ондайын десе, оп-оңай екен. Көңілі қам, басы салбырап келе жатса, алдынан Кәукен аға кездесті. Нұркен қабағын түйіп, салқын амандасты. Кәукен Кенжетаев ғадетінше, «Жиырма бес-ай!» – деп әндетіп келеді екен. Өзі жазған музыкалық комедияда Алдар Көсе рөліне Нұркенді дайындап жүрген. «Не болды?». «Баға қоймайды». Ол кісі Нұркенді қолынан жетектеп алып, таяғымен есікті ашып, емтиханға кіріп келді. Оқытушының алдына зачетканы қойып: «Мына балаға «5» қой!» – деді. Ол Нұркеннің бетіне жаман көзбен қарады, амал жоқ, зачеткаға айтқан бағасын таңбалады.

1999 жылы актриса Айнұр Бермұхамбетова екеуі дәм-тұзы жарасып, отбасын құрды, балалары ана тілін ардақтап, өнерге талпынып өсіп келеді. Елордаға көшіп келген соң жас отбасы 2006 жылы Елбасының қолынан пәтер алды. Сол уақытта Астана қаласы әкімінің орынбасары болған Ермек Аманшаевтың өнер адамдарына үлкен көмегі тиді, театр саласына бүйрегі көбірек бұратын. Нұркен тетелес ағасы Араймен қатар үйленді. Қазақ салтында қос келін бірге түссе, бірі есіктен, бірі тесіктен кіруі керек. Жеңгесі Жанар есіктен кірді. Айнұрды терезеден енгізіп алды. Апасы бала күнінде ауылға келін түссе, «Келінді жердің түбінен алыпты, көршінің қызы Қарағандыға кетіпті», – деп отыратын. Айнұр Арқа жақ, Арқалықтың қызы. Келіндер күнұзақ қазан-ошақ маңынан шықпайды. Айнұр үлкен қазанды көргенде есі шықты. Үйден қонақ арылмайды, дастархан жиылмайды. Келіншегі бір күні орама тамақ жасады, тұзы жоқ, шикілеу екен.

Нұркен «атам не дер екен?!» деп қабағымен бағып отыр. Атасы асты шайнап отырып: «Міне, тамақ деп осыны айт!» – дегені. Қазақтың келінін туған қызындай көретін бекзат мінезі. Көш жүре түзелетінін білген соң айтқаны. Нұркен күлкісін жасырғанмен, «осындай көргенді ақсақал бола аламыз ба?» деп зер-деге мықтап түйіп қойды. Жұбайы Айнұр Бермұхамбетова 2015 жылы республика бойынша ең үздік актриса атағын жеңіп алды.

#### ***4.«Абайды айқайламай-ақ ойнауға болады»***

Пьеса құндақтаулы сәби, ары қарай өсіріп, жетілдіретін – режиссер, актер. Актер ізденісте болуы зор бақыт. Нұркен бастан талай кешіп жүр, үлкен рөлдерде актер спектакль біткен сәтте қаусап шығады. Психологиялық терең сүнгү оңай емес. Сахнада үзіліс, 30 секунд өте көп. Актер соны ішкі болмысымен толтыру керек. «Абайдың үні – халықтың үні. Ол бізге жетті. Ол бізден кейінгілерге де жетті», – дейді Мұхаң. Гамлет, Абай образы ешкімге оңай соқпайды. Бұл рөлдерге актер қауымы нешеме сатыдан өтіп келеді. Образға ену алпыс екі тамырға әсер етеді, актер бөгде жазмыштың құса-наласын жүрекпен қабылдайды. Бір жарым сағатта бір адамның, таңдаулы тұлғаның бүкіл өмірін алып шығу атан түйе белі қайысар ауыр жүк. Әдебиеттегі қос жарылу нағыз актерлерде бар. Нұркен спектакль біткен соң өзіне-өзі келіп, ой елегінен өткізеді. Образға кіріп кетіп, одан шыға алмау бойында жоқ. «Абайды айқайламай-ақ ойнауға болады ғой», – дейтін марқұм Әшірбек Сығай.

«Біздің қоғамдағы Абайды ойнағым келеді, – деп қалды Нұркен. – Абай жұмбақ жан ғой, біз соны әлі шеше алмай келеміз. Әулие, абсолюттік деңгейге көтерілген адам. Біздің заманның қаһармандары шоу-бизнесіте жүргендер. Жастарды солар тәрбиелеп жатыр. Ұлттық идеология әлсіздігінің кесірі. Қазір жұрт қалтаңа, қызметіне қарап сыйлайды. Қазақ рухани жағынан езілмеуі, жүнжімеуі керек». Актерді толғандыратын көкейтесті ой өзегі осы.

Нұркен Өтеуілов сахнада ұлт көсемдерін ойнағысы келеді. Әлихан, Ахмет образын халыққа жеткізу керек. Абайды моноспектакль арқылы да алып шықса, шіркін! Актер асыл тұлғаларды халыққа насихаттау жағы аз екеніне қынжылады. Актер ретінде өз замандастарынан драматург жоқтың қасы екені қапа қылады. Театр үздіксіз жаңа дүниеге мұқтаж болуы уақытқа ілесе жаңғыра берер, дүние басы қозғалыстан туындай берер өмір талабы. Жарық дүние туралы дөп өлең: «Загадочна, глубоких тайн полна, Идущая на сцене пьеса» (А.Жемчужников). ҚР еңбек сіңірген қайраткері Нұркен Өтеуілов бір ампула актері емес. Ол сахнаға шыққанда арқаланып кетеді. Абайды ойнаған сайын оның рөлі байып отырады. Рухани сауалдар актер жанын өсіреді, Абай мұны не үшін, неге айтты? Комедиялық рөлдерге Нұркеннің етене еніп кетуі қапысыз. Комедия нюанстары көп, қиын әрі қызық жанр. Драманың сан-алуан жанрын актер жаратылысы қиналмай көтереді. Комедия, трагедия, драма табиғатына енуі қамшы салдырмас қас тұлпарға ұқсас. Оның «Қымбатты Памелла» атты пьесадағы образы алаяқ Сол Бозо:

«Мен жауларымды жек көремін. Іштей атып өлтіремін», – дейді. Адамшылық қақпасын бұзып-жарып ауыр күнәға бармайды.

Театрдың қуат-күші орасан, халық иелігіндегі мәңгі тозбайтын ұлы патшалық. Ақын, драматург, сыншы, аса ағартушы, ірі өнер теоретигі, ұсақ-ұсақ, ергежейлі 365 мемлекетке бөлініп, қиқымдалған, басы бірікпеген феодалдық Германияда өмір сүрген Готхольд Эфраим Лессинг (1729-1781) театрды үшінші сословие, қараша, қара бұқарамен тілдесе алар жалғыз кафедра, иісі адамзатты тәрбиелейтін биік мінбер деп санаған.

Актерлік штамп, даяр қалыпқа түспеу керек. Өмірі ізденісте жүретін актер ұта бермек. Режиссер Дина Жұмағұлова Нұркенді Қарағанды театрына шақырып, Шекспирден бас қаһарманды ойнатты.

2012 жылы Алматыда Орталық Азия мемлекеттерінің IV Халықаралық театр фестивалінде (режиссер – ҚР еңбек сіңірген қайраткері Болат Ұзақов) ҚР еңбек сіңірген қайраткері Нұркен Өтеуілов Гамлет рөлі үшін «Ең үздік ер бейнесі» атауын жеңіп алды. Сахнада мен көрген Нұркен Өтеуілов табиғи жаратылысымен шебер, шынайы актер. Күш салмайды. Уильям Шекспирдің «Гамлет» атты трагедиясында ханзада Гамлет, Мұхтар Әуезовтің «Абай» атты трагедиясында (реж. Ә.Оразбеков) дана Абай, Иоганн Штраустың «Жұбайлар жұмбағында» (реж.Н.Жұманиязов) ақсүйек Генрих Айзенштейн, Дж.Патриктің «Қымбатты Памелла» атты комедиясында (реж. Ю.Ханинга-Бекназар) алаяқ Сол Бозо, В.Ежовтың «Тыраулап ұшқан тырналар» атты лирикалық драмасында әскери шенді зымиян Федоровский (реж. Т.Теменов), М.Әуезов, Қ.Ысқақовтың «Қараш-Қараш» атты әлеуметтік драмасында (реж. Ә.Оразбеков) жас мырза Жарасбай, А.П.Чеховтың «Шие» атты комедиясында («Шие бағы», реж. С.Потапов) көпес Лопухин-Балташ рөлі. Бұл кейіпкерлердің әрқайсысы жаратылыс болмысы бір құрлық, бір мұхит, бір арал, бір түбек, бір көл сияқты көкжиегі алшақ, жеке көсіліп жатыр, әрбіріне тән ерекшелік, дара құбылыс бір-бірін атымен қайталамайды. Нұркен Өтеуілов тұлғасы кинематография үшін нағыз қазына болар еді деп ойлаймын. Кинорежиссер қауымы бұл актерді сахнада көрсе, Қазақстан ғана емес, ресейлік фильмдерге де түсірсе, бағы асып, жарқырай түсеріне күмәнсіз сенемін.